«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

17.10.2019 № 4-6/жт-У-224

"ЕРМЕК" ЖК
Е.А.Умаровқа
Түркістан облысы, Жетісай ауданы,
Ынтымақ а. ШАМГОН 3

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (*бұдан әрі - Комитет*) Сіздің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі №55784 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымдарыңыз негізінде, "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен өткізілген № 3582173-1 компьютерлер сатып алу электронды конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Сіздің шағымыңыздағы уәжіңіз өз дәлелін жартылай тапты.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім беруші тарапынан ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітелген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 2-Қосымшасына сәйкес тауарадың атауы, сатып алынатын тауарлардың қажетті функционалдық, техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамаларының сипатталуы, шыққан жылы, кепілдік мерзімі (айлар) көрсетілуімен техникалық ерекшелік ұсынылады.

Конкурстық құжаттаманың 3-тармағы 14) және 15) тармақшаларына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және осы КҚ-да көзделген шарттар мен талаптарға сәйкес тауарды жеткізуге конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ өзі туралы, Заңның 6-бабында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулеріне сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға әлеуетті өнім берушінің келісімі болып табылады. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы КҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

Одан бөлек, Қағидалардың 19-Қосымшасы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың

талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасын камералдық бақылау барысында техникалық сипаттамада комплектті компьютердің сатып алынатындығы анықталған, онда әлеуетті жеткізуші ЕРМЕК ЖК өтінімінде 2-Қосымшада (техникалық сипаттама) сипаттамалары (тауардың атауы, кепілді мерзімі, өндірушісі, дайындаушы зауттары, шығарылған жылы, сатып алынатын тауардың қажетті сипаттамалары) көрсетілген, олар бірдей және Ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді. Бұл ретте, өтінімді қабылдамау заңсыз болып табылады.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттамада осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптарынан басқа, мыналар: сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық өзіндік ерекшелік қамтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі. Осыған орай, ұйымдастырушының техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкес әлеуетті өнім берушілерге «Потенциальному поставщику необходимо предоставить авторизационное письмо на право поставки от правообладателя программного обеспечения» нақты талабы қойылған. Сіздің техникалық өзіндік ерекшелігіңізде «*Операционная система: Предустановленная ОС Microsoft Windows 10 home ; Антивирусная программа Eset NOD 32 2019 с проактивной защитой, активированная, на 12 месяцев*» ұсынылған. Алайда, ЕРМЕК ЖК тарапынан авторлық құқық иесінен көрсетілген бағдарламалық жасақтаманы ұсыну құқығына авторлық хаттар жіберілмеді.

Осылайша, ЕРМЕК ЖК әлеуетті жеткізушінің өтінімі Қағидалардың 150-тармағы 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы себебімен қабылданбайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 6-тармағына және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Басшы **А. Каукетаев**

орынд.: Ж.Рымбекова
тел.: 8 (7212) 425580